



TURAN
UNIVERSITY

«ТУРАН» УНИВЕРСИТЕТИ

М. АБАЙҚЫЗЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕРДІҢ
САЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**

Оқу-әдістемелік құрал

**Алматы
2020**

ӘОЖ 34
КБЖ 67.402.23
А13

Баспаға «Тұран» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған
(09.04.2020 ж. № 11 хаттама)

Абайқызы М.

А13 Қазақстан Республикасы және шетелдердің салық құқығы: Оқу-әдістемелік құрал/ М.Абайқызы – Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. – 78 б.

Аталмыш оқу әдістемелік құралы Қазақстан Республикасы және шетелдердің салық құқығын қамтыған. Оқу әдістемелік құралының мақсаты- Қазақстандағы және шетелдердегі салық салу қызметі, салық түрлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы және шетелдердегі салықты жүзеге асырудың құқықтық негізін танудың және орындаудың тәртібі мен шарттарын реттейтін қатынастар туралы көзқарастарды тереңдету, сондай-ақ болашақта салық органдарында жұмыс істейтін студенттердің кәсіптік қызметіне бағыт-бағдар беру болып табылады. Сонымен қатар бақылау және тест сұрақтары берілген. Оқу әдістемелік құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

© Абайқызы М., 2020
© «Тұран» Университеті, 2020

КІРІСПЕ

Оқу пәні ретінде «Қазақстан Республикасы және шетелдердің салық құқығы» қазақстандық жоғарғы оқу орындарының заң факультетінде оқытылатын тандау пәні.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралда салық құқығы туралы жалпы түсініктер, негізгі теориялық ережелер, салық түрлері, оның элементтері туралы және салық органдары туралы және олардың өкілеттіктері мен қызметтері (функциялары) жайлы, сонымен қатар, салық құқығының құқық саласы ретіндегі орны мен даму ерекшелігі, қалыптасу тарихы, пәні, оның функциялары мен қағидалары, дамуының негізгі кезеңдері туралы, салықтық құқықтың өзге құқық салаларымен арақатынасының ғылыми, теориялық білімдер кешені көрсетілген.

Салықтық құқықтың жалпы теориялық негіздерін салық саясаты ұстанымдарына қарай салық салу практикасының механизмдерін ұштастыру жолдары тікелей Қазақстан Республикасы Салық кодексінің принциптері мен нормалары арқылы жүргізілген. Сонымен қатар шетелдік және халықаралық салық салу жүйесіне, салықтық құқықтарына қысқаша шолу жасалынған.

Салық салу қызметі мен міндеттемелерін салық құқығы жүйесінің дербес саласы ретінде қарастыра отырып, салық салудың теориялық негіздері мен ҚР-сы және шетелдік салық жүйесінің құқықтық сипаттамасы мен салықтық әкімшілік жүргізуді қамтамасыз ететін негізгі институттарға талдау жасалған.

«ҚР-сы және шетелдердің салық құқығы» пәні бойынша ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ (КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ)

1-тақырып. ҚР – дағы және шетелдердегі салық құқығының жалпы ережелері

1. Салықтар мен алымдардың түсінігі және рөлі.
2. Салық салу принциптері.
3. Салық құқығы: пәні, әдісі, қаржылық құқық жүйесіндегі орны.
4. Салық құқығының көздері.
5. Салықтық құқықтық қатынастар: түсінігі және мазмұны.
6. Салықтық құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесі.

2 тақырып. ҚР – дағы және шетелдердегі салықтар мен алымдар жүйесі

1. "Салықтар мен алымдар жүйесі" және "салық жүйесі" ұғымдарының арақатынасы.
2. Салықтар мен алымдарды жіктеу.
3. ҚР – дағы және шет елдердегі салықтар мен алымдарды аймақтық, жергілікті жерлерге жатқызу принциптері.
4. ҚР – дағы және шет елдердегі, аймақтық және жергілікті салықтар мен алымдар түрлері.
5. Республикалық бюджеттің, ҚР субъектілерінің бюджеттерінің және жергілікті бюджеттердің кірістерін қалыптастырудағы салықтар мен алымдардың нақты түрлерінің маңызы.
6. Тікелей және жанама салықтар.

3 тақырып. ҚР – дағы және шетелдердегі салықтар мен алымдарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындаудың жалпы ережесі

1. Салықтың заңды құрамы.
2. Салық немесе алым төлеу бойынша міндеттің туындауы, өзгеруі және тоқтатылуы.
3. Салықтар мен алымдарды төлеу мерзімдері, оларды өзгерту негіздері.
4. Салықтар мен алымдарды төлеу бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдері.

4 тақырып. ҚР – дағы және шетелдердегі салықтық бақылауды құқықтық реттеу

1. Салықтық бақылаудың түсінігі және маңызы.
2. ҚР – дағы және шет елдердегі салықтық бақылаудың құқықтық реттеуі.
3. Салықтық бақылаудың түрлері, нысандары, әдістері.
4. Салықтық тексерулер және оларды жүргізу тәртібі.
5. Салық органдарының шешімдеріне шағымдану тәртібі.

5 тақырып. ҚР – дағы және шетелдердегі салықтық құқық бұзушылықтар және оларды жасағаны үшін жауапкершілік

1. Салықтық құқық бұзушылық ұғымы.
2. Салық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартудың жалпы шарттары.

3. Тұлғаны салықтық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тартуды болдырмайтын мән-жайлар.
4. Салықтық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән - жайлар.
5. Салық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартудың ескіру мерзімі.
6. Салықтық құқық бұзушылықтардың түрлері және оларды жасағаны үшін жауапкершілік.

Ерекше бөлім

6-тақырып. ҚР – дағы және шетелдердегі салықтар мен алымдар

1. ҚР – дағы және шет елдердегі салықтар мен алымдар: жалпы сипаттама.
2. ҚР – дағы және шет елдердегі салықтар мен алымдар түрлері.
3. ҚР – дағы және шет елдердегі салықтар мен алымдарды енгізу, өзгерту және жою ерекшеліктері.
4. ҚР – дағы және шет елдердегі салықтар мен алымдар жекелеген түрлерін құқықтық реттеу.

Тақырып 7. ҚР – дағы және шетелдердегі аймақтық салықтар

1. Аймақтық салықтар: жалпы сипаттамасы.
2. Аймақтық салық түрлері.
3. Аймақтық салықтарды енгізу, өзгерту және жою ерекшеліктері.
4. . ҚР – дағы және шет елдердегі аймақтық салықтардың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу.

Тақырып 8. ҚР – дағы және шетелдердегі жергілікті салықтар ұғымы

1. Жергілікті салықтар: жалпы сипаттама.
2. Жергілікті салық түрлері.
3. Жергілікті салықтарды енгізу, өзгерту және жою ерекшеліктері.
4. . ҚР – дағы және шет елдердегі жергілікті салықтардың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу.

Тақырып 9. ҚР – дағы және шетелдердегі арнайы салық режимдері

1. Арнайы салық режимдерінің түсінігі мен маңызы.
2. Арнайы салық режимдерінің түрлері.
3. Арнайы салық режимдерінің жекелеген түрлерін құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Тақырып 10. Шетелдердің салық құқығы.

1. "Шет елдердің салық құқығы" түсінігі.
2. Шет елдердің салық құқығының көздері.
3. Шет елдерде алынатын салықтардың негізгі түрлері.
4. Шет елдердегі салықтық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік.
5. Жекелеген елдердегі салықтарды құқықтық реттеудің ерекшеліктері (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, ГФР және т.б.).

1-тақырып ҚР-сы және шетелдердің салық қызметінің құқықтық табиғаты

Салық – кез келген өркениетті мемлекеттің кіріс көзі. Әлемдік тәжірбие көрсетіп отырғандай салық пен несие қаржы жағынан реттеуді ұштастырып нарықтық экономиканы басқарудың анағұрлым тиімді түрі болып табылады. Салықтардың мемлекет қазынасын толтыруға бағытталған қызмет құралы ретінде орны өз алдына, уақыт өткен сайын оның шаруашылық салаларына ықпал жасауға және өндіріс пен ғылыми-техникалық прогрессті дамытуға ынталандыруға икемді экономикалық реттеуші тұрғысындағы маңызы айқын аңғарылады. Қазіргі жағдайда салықтардың маңызы мен ролін мемлекеттік органдарды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету шеңберінде ғана бағалауға болмайды. Макроэкономикалық реттеуде олардың маңызы барған сайын орта түсуде. Қазақстан тарихында тұңғыш рет Салық кодексі жасалғанда барлық маңызды сәттер барынша ескерілді. Салыққа қатысты заң актілеріне ортақ методологиялық және тұжырымдамалық негіздері еліміздің аумағын да берегей салық тәртібін қолдануды және барлық салық қатынастарын реттеуді қамтамасыз етуде. Әлемдік тәжірбиеде қолданылып жүрген салық салу принциптеріне және республика экономикасының даму деңгейіне жете назар аударылды. Салықтардың саны қысқартылды, салықтың анағұрлым маңызды түрлеріне бірегей ставка белгіленді, бюджетпен есеп айырысу жеңілдетілді. Салықты жетілдіру ұзақ даму жолынан өткен көптеген елдерге қарағанда, экономиканы жедел орнықтыру және дамыту қажеттігі ескеріле отырып Қазақстанда қоғамның талабына жауап беретін және нарықтық экономиканың жағдайына икемделген салық жүйесін жасауды шұғыл қолға алды. Салық салынатын нысандарды және нақты пайданы айқындауда халықаралық тәжірбиеде қолданылып жүрген принциптерді пайдалануға жол ашу мақсатында өнімнің өзіндік құнына әсер ететін шығындардың жүйесі қайта қаралып, түпкі нәтижені көрсететін баланстық пайда ұғымы енгізілді. Жылдық жиынтық пайданы анықтаудың жолдары белгіленді. Нақты пайдаға ғана салық салынуы үшін салықтық есеп жүйесі қолданыла бастады. Республика экономикасы шетелдік инвестицияны тарту барған сайын ұлғая түсуіне байланысты Салық кодексінің бір тарауы халықаралық салық салу мәселесін қарады. Қазақстанның 2030 жылғы дейінгі даму стратегиясында болашақтағы мемлекетіміздің енгізгі байлық көзі шикізатты, соның ішінде ең біріншіден мұнайды экспорттау болып табылады. Осыған сай сәйкес, салық жүйесінің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі шикізатты экспорттаушылар салынатын салықтардың тиімділігін арттыру.

Салық ұғымы және оның әлеуметтік-экономикалық мәні

Ұйымдық-құқықтық жағынан салықтар – бұл мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде және мерзімде бюджетке төле-

нетін қайтарусыз және өтеусіз сипаттағы міндетті ақшалай төлемдер. Салықтардың экономикалық мәні олардың өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мемлекет жұмылдыратын ұлттық табыстың бір бөлігі болып табылатындығында. Салықтар қаржының бастапқы категориясы болып табылады. Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Адамзат дамуының бүкіл тарихы бойына салық нысандары мен әдістері өзгерді, игерілді, мемлекеттің қажеттіліктері мен сұрау салуларына бейімделді. Салықтар тауар-ақша қатынастарының ах-уалына әсер ете отырып, олардың дамыған жүйесінде айтарлықтай өрбіді. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі әрқашан салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен қабаттаса жүреді. Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық-экономикалық құрылысы мен саяси іс-бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі- ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық құралы, мемлекеттің кіріс-терін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады. Салықтарда мемлекеттің экономикалық мазмұны нақты түрде көрінеді, ал салықтардың әлеуметтік- экономикалық мәні, олардың түрлері мен рөлі қоғамның экономикалық құрысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады. Белгілі философ Фрэнсис Бэкон салықтарды төлеу- әрбір азаматтың қасиетті борышы деген еді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-ші бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады,- деп жазылған. Салықтарда ежелден салық жүктемесін (салық ауыртпалығын) бөлудің екі қағидаты қалыптасқан: 1) пайда (алынған игіліктер) қағидаты. 2) «қайыр көрсерту» (төлем қабілеттілігі) қағидаты. Алынған игіліктерге және төлем қабілеттігіне салық салудың қағидаттарын пайдалану салық мөлшерлемелерін белгілеуге және табыстың өсуіне қарай олардың өзгеруіне саяды. Салықты ұтымды ұйымдастырудың классикалық қағидаттарын бұрын А. Смит ұсынған еді. Олар мынаған саяды: 1) салық салық төлеушінің әрқайсысының табысына сәйкес алынуы тиіс (әділеттілік қағидаты); 2) салықтың мөлшері мен оны төлеу мерзімі алдын ала және дәл анықтауы керек (анықтылық қағидаты); 3) әрбір салық салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта және әдіспен алынуы тиіс (қолайлылық қағидаты); 4) салықты алудың шығындары өте аз болуы тиіс (үнем қағидаты).

Бұл қағидаттарды пайдалану салық салудағы зорлық-зомбылықты жоқ етті, бұл процеске реттемелеуді енгізді және А.Смитке «салықтар- оны төлейтіндерге құлшылықтың нышаны емес, бостандықтың нышаны» деп қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Салық салудың кейінгі даму барысында қағидаттардың тұжырымдамалары дәлденді, толықтырылды. Тұңғыш рет Қазақстан Республикасында заңнамалық деңгейде салық са-

лудың қағидаттары баянды етілген.Қазақстанның салық заңнамасында сонымен бірге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің міндеттілігі, салық салудың айқындығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және салық заңнамасының жариялылығы қағидаттары негізделеді. Салық төлеуші салық заңнамасына сәйкес салықтың міндеттемелерін толық көлемінде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер айқын болуы тиіс.Салық салудың айқындығы салық төлеушінің салықтық міндеттеме-лері туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңнамасында белгілеу мүмкіндігін білдіреді. Еліміздегі салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады. Қазақстанның салық жүйесі оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып табылады.

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.Мемлекетке түсетін салық түсімдерінің сипатты ерешелігі олардың сан алуан қоғамдық қажеттерге кейін иесіз пайдаланылуы болып табылады.Осымен салықтардың мемлекет, сондай-ақ басқа жергілікті органдар белгілейтін түрлі міндетті мақсатты жарналардан, төлем аударымдарынан айырмашылығы болды; бұған әлеуметтік сақтандыруға аударылатын қатаң мақсатты аударымдар, соның ішінде бюджеттен тыс қорларға төленетін жар-налар мен аударымдаржатады, олар белгілі бір, ұзақ мерзімді көлемде өнім-нің, жұмыстың және қызметтер көрсетудің өзіндік құнынан, табыстан (пайдадан), еңбекке ақы төлеу қорынан, амортизациядан және басқа көздерден есептелінеді. Салықтардың әлеуметтік-экономикалық мәні мен мазмұны олар атқаратын функцияларын толық ашыла түседі. Жалпы қаржы категориясы тұрғысынан салықтар қосалқы категория болып табылатындығын есте ұстаған жөн, сондықтан қаржыға қатысты салықтардың функцияларын қаржының бөлгіштік функциясының құрамдас қосалқы функциясы ретінде қарастырған жөн. Қазіргі кезде салықтар фискалдық, реттеуші және қайта бөлу сияқты негізгі үш функция орындайды. Бұлардың әрқайсысы осы қаржы категория-сының ішкі белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін білдіреді. Фискалдық функция -барлық мемлекеттерге тән негізгі функция. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады. Өйткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірістерін толыстыра отырып, экономиканы, әлеуметтік –мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Салықтардың реттеуші функциясы мемлекеттің экономикалық қызметінің ұлғаюымен байланысты пайда болады. Ол ұлттық шаруашылықтың дамуына қабылданатын бағдарламаларға сәйкес ықпал етеді.Бұл орада салықтардың нысандарын таңдау, олардың мөлшерлемелерінің, алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктер мен шегерімдер пайданылады. Бұл реттеушілер қоғамдық ұдайы өндірістің құрылымы мен

үйлесіміне, қорлану мен тұтыну көлемі ықпал етеді. Қайта бөлу функциясы арқылы түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекеттің қарамағына өтеді. Бұл функцияның іс- әрекетінің ауқымы жалпы ішкі өнімді салықтардың алатын үлесі арқылы анықталады; ол ұлттық табыстың мемлекеттендірілу дәрежесін көрсетеді: бұл үлес 1997 жылы – 19,7%, 1998 жылы — 16,6%, 1999 жылы – 17,4% , 2000 жылы – 22,6%, 2001 жылы - 22,2% болды(салыстыру үшін Украинада -29%, Ресейде – 33,3%). Мемлекет салық саясатын – салық саласындағы шаралар жүйесін қоғамның оның нақтылы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттеріне қарай әзірленген экономикалық саясатқа сәйкес жүргізеді. Нарықтық қатынастардың қалыптасу жағдайындағы салық саясатының негізгі бағыты тұтынудың орталықтандырылған қоғамдық қорлары арқылы халықтың нақты табыстарының едәуір бөлігін қалыптастырудың өзін ақта-маған қағидатынан бас тарту болып табылады. Бұл еңбек белсенділігінің күшеюіндегі экономикалық ынталылықтың уәждемелік механизмі арқылы халықтың еңбекке жарамды бөлігінің табыстарын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік жасайды. Салық жүйесі арқылы қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелерінің неғұрлым тиімді және берік әлеуметтік қорғалуы қамтамасыз етіледі. «Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, салық службасы органдарының жиынтығы әдетте мемлекеттің салық жүйесін құрайды. 1991 жылғы дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекеттік реттеп отыруға бағытталған болатын. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылдаған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты. 1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде тұңғыш салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттары, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгілеген алғашқы құжат еді. Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылғы қаңтардың 1-інен бастап 13 жаппы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізілді. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесі мен салық заңнамасын бірте- бірте халықаралық салық салу қағидаттарына сәйкестендіру көзделді. Осыған байланысты « Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 24- інде Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы шықты. Енді бұрынғы 42 салықтар мен алымдар едәуір қысқартылып, олардың саны небәрі 11 болып қалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 24-індегі заң күші бар жарлығы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 16-сындағы №440-1 заңына сәйкес заң мәртебесін алды. Осы уақыт аралықтарында Президент жалықтарымен және толықтырулар енгізілді. Салықтардың, олардың төлеушілердің, салықтарды алу әдістерінің, сал-ық жеңілдіктерінің жиынтығының болатындығынан салық жүйелерінің әжеп-теуір күрделі үлгілері болуы мүмкін. Барлық өркениетті елдерде салықтардың бүкіл жиынтығы әр түрлі қағи-даттар бойынша жіктеледі: салық салу объектілері бойынша; салықты алатын және салықтан жиналған сомаға билік жасайтын органға қарай; пайдалану тәртібі бойынша; объектінің экономикалық белгісі бойынша.

Салықтарды салу объектісі бойынша, олар тура және жанама салықтар болып бөлінеді. Тура салықтар – салық төлеушінің кірісі мен мүлкінен тікелей төлеген салықтар. Олар өз кезегінде нақты және жеке салықтарға жіктеледі. Нақты салықтар салық төлеушілердің мүлкінің (меншігінің) кейбір түрлеріне (үй, жер, кәсіп, ақшалай капитал және т.с.с.) салынады. Жеке тура салықтар – бұл жеке адамдар мен заңды ұйымдардың табыстары мен мүлкіне салынатын салықтар. Нақты салықтардан айырмашылығы – жеке салық салу әрбір төлеушінің жеке табысы мен мүлкін де, оның қаржы жағдайын да ескереді. Жанама салықтар – баға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне байланысты емес салықтар. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салық, акциздер жатады. Жанама салықтарға сондай-ақ сырқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер де (кеден баждары түріндегі, экспортқа және импортқа салынатын салық түрін-дегі кеден кірістері, ішкі рынокте салынатын тауарлар бағасы мен олардың фактуралық құнының айырмасы) жатады. Жанама салықтар мемлекеттің фискалдық мүдделерін білдіреді. Оларды саналы қолдану баға белгілеудің процесіне жағымды ықпал жасауы және тұтынудың құрылымына әсер етуі мүмкін. Жанама салықтар салудың мәні салықтың тауар бағасына (немесе қызмет-тің тарифіне) қосылатындығында, кіріктірілетіндігінде. Бұл жағдайда салық-ты тауардың (қызметтің) нақты тұтынушысы төлейді, алайда тұтынушы мен мемлекет арасында тікелей байланыс болмайды. Салықты алатын және оған билік жасайтын органға қарай орталық (жал-пымемлекеттік) және жергілікті салықтарды ажыратады. Пайдалану тәртібіне қарай барлық салықтар жалпы және мақсатты (ар-наулы) болып бөлінеді. Жалпы салықтар тиісті деңгейлердегі бюджеттерде шоғырландырылады және жалпымемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыруға пайдаланылады. Мақсатты (арнаулы) салықтардың нысаналы арналымы болады және әдеттегідей түрлі арнаулы қорлардың қаржы базасын құруға арналады. Объектінің экономикалық белгілері бойынша табысқа салынатын салық-тар болып ажыратылады. Табысқа салынатын салықтар төлеушінің салық салынатын кез келген объектіден алған табыстарынан алынады. Тұтынуға салынатын салықтар –

бұл тауарлармен қызметтер көрсетуі тұтыну кезінде төленетін шығынға салынатын салықтар. Салық салу объектілерін есепкеалу және оларды бағалау тәсілдеріне қа-рай салық алудың мынадай төрт әдісі қолданылады: кадастрлық, салық тө-леушінің мағлұмдамасы бойынша, табысты алу көзінен ұстап қалу, патенттік негізде. Бірінші жағдайда салықты есептеу мен оны алу, салық салу объекті-лерінің нақты табыстылығын есепке алмай табыстылық (жер салығы, мүлік салығы) нормасын көрсете отырып, олардың тізімдемесі негізінде жүзеге ас-ырылады. Мағлұмдамада салық төлеушілер табыстың көлемін, қажетті жеңілдік-терді, шегерімдерді көрсетеді және салық сомасын есептеп, төлейді. Олар салықтардың түрлері бойынша салық мағлұмдамасын есепті салық кезеңіне сәйкес тапсырып отырады. Мәселен, корпорациялық табыс салығын, жеке табыс салығын, көлік құралдарына салынатын салықты және жер салығын төлеушілер (арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларды қоспаған-да)салық органына олар бойынша мағлұмдаманы есепті салық кезеңінен кейін жылдың 31-інші наурызына береді. Жеке табыс салығы бойынша мағлұмдаманы мынадай салық төлеуші-лер: төлем көзінен салық салынбайтын табыстары барлар; тұрғын үй салу мен осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын са-тып алуды қоспағанда салық жылында 2000 айлық есептік көрсеткіштен жо-ғары сомаға біржолғы ірі сатып алуды асырғандар; Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден табыстар алатын жеке тұлғалар; Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетел банктерінде-гі шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар; Қазақстан Республикасының сылайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалық актілеріне сәйкес мағлұмдама беру жөнінде міндеттеме жүктел-ген адамдар; Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, судьялар табыс етеді. Салық төлеушілен салық мағлұмдамасын табыс етудің белгіленген мер-зіміне дейін жазбаша өтініш алған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган салық мағлұмдамасын табыс ету мерзімін екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Бірақ салық мағлұмдамасын тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін өзгертпейді.Үшінші әдіс бойынша салық төлеуші жұмыс істейтін ұйымның, мекеменің бухгалтериясы одан салықты табыс алынған жерде есептеп, ұстайды. Төртінші әдіспен салық кәсіпкерлік қызметтің сан алуан түрлеріне беріле-тін патент негізінде төленеді. Патент- арнаулы салық режимін қол-дану құқы-ғын куәландыратын және салық сомасының бюджетке төлен-гендігін растайтын құжат. Салық есебінің екі әдісі қолданылады:кассалық ;есептеу әдісі. Кассалық әдіске сәйкес табыстар мен шегерімдер жұмысты орындау, қыз-мет көрсету, мүлікті жөнелту мен кірістеу және ол бойынша жасалынған ақы төлеу мезетінен бастап есепке алынады. Есептеу әдісі бойынша табыстар мен шегерімдер ақы төлеудің уақытына қарамастан жұмысты орындау, қызмет көрсету, тауарарды өткізу және кіріс-ке алу мақсатымен тиіп жіберу мезетінен бастап есепке алынады. Бұл әдіс салық

службалары үшін қолайлырақ және оны Қазақстанның барлық төлеушілері қолдануға қабылданған. Төлеушілер үшін оның кемшілігі – сал-ық төлемдері жеткізіліп тіпті уақытында төленбеген жағдайда да аударылуы тиіс, бұл айналым қаражаттарын оқшауландыруға ұрындырады. Қазақстан Республикасының салық жүйесі салықтардың, алымдардың және баждардың түрлерін, салық қатынастарын реттейтін құқықтық нормаларды және салық службасының органдарын қамтиды. Қазақстан Республикасындағы салықтардың, салық сипатындағы алымдардың тізбегі мыналарды қамтиды: 1.Салықтар 1.Корпорациялық табыс салығы. 2.Жеке табыс салығы. 3.Қосылған құнға салынатын салық.4.Акциздер. 5.Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері. 6.Әлеуметтік салық. 7.Жер салығы. 8. Көлік құралдарына салынатын салық. 9.Мүлікке салынатын салық.10.Экспортқа шығарылатын шикі мұнайға салынатын рента салығы.11.Қазақстан Республикасының жасалған келісім шарттары бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі.Мемлекеттің салықтық қызметі Қазақстан Республикасының салық жүйесі ауқымындағы салық салу процесін ұйымдастыруға және салық салуға байланысты барлық мән-жайларды (салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің шамасын және ставкаларын, алықтық төлем сомаларын есептеу және оларды бюджетке төлеу тәртібі, өздеріне қатысты заңи фактілер негізінде салықтық міндеттемелер жүктелген заңды және жеке тұлғалардың шеңберін, салық жүйесінің барынша жұмыс істеу механизміндегі фискалдық және реттеуші функциялардың өзара іс-әрекетін, сондай-ақ олардың балансты болуы) қамтамасыз етуге бағытталған, салықтық заң актілеріне негізделген, мемлекеттің объективті экономикалық қызметі болып табылады.

Мемлекеттің салықтық қызметі:

1) Мемлекет аумағындағы республикалық және жергілікті бюджеттерге алынатын салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді, олардың түрлерін, ерікті төлеу және мәжбүрлеп алу тәртібін белгілеу, салық жүйесі мен салықтық құрылымдарды қалыптастыру олардың тиісінше жұмыс істеулерін қамтамасыз ету , сондай-ақ қоғамның әлеуметтік экономикалық аясын салықтық реттеу жөніндегі мемлекеттің біртұтас өзінің немесе өзі айрықша уәкілеттілік берген мемлекеттік органдарының қызметі ретінде;

2) барлық салық төлеушілердың өздеріне тиесілі салықтық міндеттемелерін дұрыс орындауларына жағдай жасау, салық әкімшілігін толыққанды жүргізу, оның ішінде салықтық тексерулердің жемісті жүзеге асырылуына баса назар аудару, сондай-ақ заңда көзделген келеңсіз сәттердің орын алуына байланысты салықтарды мәжбүрлеп алу жөніндегі арнайы уәкілетті салық органдарының іс-қимылдары мағынасында сипатталады.

Салықтар мен өзге да міндетті төлемдердің белгіленуі және алынуы мемлекеттің салықтық қызметіне байланысты болады.

Салықтық қызметті өздерінің құзыреттеріне сай жүзеге асыратын мемлекеттік лауазымды тұлға мен уәкілетті органдарға:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Парламенті;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 4) Жергілікті Мәслихаттар мен Әкімдіктер;
- 5) Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;
- 6) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
- 7) Қаржы министрлігінің Салық комитеті;
- 8) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті;
- 9) Астана, Алматы қалалары және облыстар мен аудандардағы және қалалардағы аудандар бойынша салық органдар жатады.

Мемлекеттің салықтық қызметінің мақсаттары:

- 1) салық төлеушілердің экономикалық-қаржылық мүдделерін қорғау мақсатында мемлекеттің салықтық юрисдикциясының шегін ұтымды белгілеу;
- 2) салықтардың көмегімен республикалық бюджет кірісіне ақша қаражаттарын тарту арқылы әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік-саяси және мәдени дамудың мемлекеттік бағдарламаларын ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттің салық жәйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
- 4) өндіріс аясын және өндірістік қатынастарды тиісінше салықтық-құқықтық реттеуді қамтамасыз ету;
- 5) шаруашылық субъектілерінің халық тұтынатын тауарларды шығару және өнеркәсіп өнімдерін өндіруге бағытталған белсенді экономикалық қызметтерін салықтық ынталандыру;
- 6) салық органдар қызметтерінің рентабельділігін арттыру, құқықтық негіздерін, әлеуметтік жағдайлары мен материалдық базасын жетілдіру түрінде көрініс табады.
- 7) Салық салу объектілерінің есебін жүргізу тәртібін ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілейді.

2-тақырып Салықтық жүйенің экономикалық мәні. Қазақстан Республикасының салық жүйесі.

Салықтық жүйе - салық төлеушілер мен мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету мақсатында бір-бірімен байланыста болатын салықтардан құралған жүйе. Бұл жүйенің құрамы келесілерден тұрады:

1. Салықтық қатынастарды реттейтін заңды және нормативтік база .
2. Салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді алу әдістері, олардың түрлілігі. Салық салу принциптері немесе салық элементтері.
3. Салықтар және басқа да міндетті төлемдерді алумен айналысатын ұйымдар.

Экономикасы дамыған елдерде салық жүйесін құрудың келесідей принциптері қызмет етеді.

1. Салық жүйесінің тұтастылығы.

2. Салық жүйесінің икемділігі.

3. Салық жүйесінің әлеуметтік бағытталуы.

2. Салық жүйесі мемлекеттің қаржы көздерін жинақтаудың ең негізгі құралы болуы мен қатар ел экономикасын қайта құруға, өндірістің ұлғайып дамуына және саяси әлеуметтік шаралардың толығымен іске асуына мүмкіндік туғызады. Қазақстан Республикасының 1991 жылы 25 желтоқсанда қабылдаған “Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы” заңы тәуелсіз Қазақстанның салық жүйесін құрудың ең алғашқы бастамасы болып табылады. Осы кезеңнен бастап ел экономикасында бұрын болмаған жаңа құбылыстар іске аса бастады. Оларды атап айтатын болсақ, шаруашылық жүргізудің еркіндігі, меншік түрлерінің бір-біріне өзара тепе-теңдігі, шаруашылық жүргізген субъектілермен мемлекет арасындағы қатынастың құқықтық негізде жүргізілуі және тағы басқа шаралар. Бұл заң салық жүйесін құрудың басты принциптерін, алым мен салықтардың жаңа түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгілейтін тұңғыш тарихи құжат болып есептелді.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі өзінің даму этапында келесідей өзгерістерді қамтиды:

1. 1991-95 ж аралығындағы салықтық жүйеге сәйкес Қазақстан Республикасында жалпы мемлекеттік, жалпы міндетті немесе жергілікті салықтар қызмет етті. (барлығы 44).

2. 1995 жылдың 24 сәуірінен бастап салық заңдарының өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасында жалпы мемлекет, және жергілікті салымдар қызмет етті. (барлығы 11)

3. 1998 жылы 15 сәуірдегі өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасында салықтар, алымдар, немесе бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер қызмет етті (барлығы -18).

4. 2002 жылы қаңтарынан бастап салық кодексіне сәйкес 9 салық, 9 төлем ақы, 13 алым қызмет етті.

5. 2004 жылы 1 қаңтарынан бастап салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасы салық кодексіне сәйкес келесідей салықтар, алымдар, төлемақылар, мемлекеттік баж, кеден төлемдері қызмет етеді.

Салықтар

1. Корпоративті табыс салығы.

2. Жеке табыс салығы.

3. Әлеуметтік салық.

4. ҚҚС

5. Акциздер

6. Жер салығы

7. Мүлік салығы
8. Көлік құралдар салығы.
9. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнайы төлемдері.

Алымдар (сборы)

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.
2. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркегені үшін алым
3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекет тіркегені үшін алым.
4. Радио электорндық құралдары және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекет тіркегені үшін алым.
5. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекет тіркегені үшін алым.
6. Теңіз өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекет тіркегені үшін алым.
7. Азаматтық әуе кемелерін мемлекет тіркегені үшін алым.
8. Дәрі дәрмек құралдарын мемлекет тіркегені үшін алым.
9. Автокөлік құралдардың Қазақстан Республикасы территориясы арқылы жүріп өткені үшін алым.
10. Аукциондардан алынатын алым.
11. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу правосы үшін лицензиялық алым.
12. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радио жиілілік спекторын пайдалануға рұқсат бергені үшін алым.

Төлемақылар.

1. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы.
2. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы.
3. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы.
4. Жер бетіндегі көздердің, су ресурстарын пайдаланған үшін төлемақы.
5. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы.
6. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы.
7. Радио жиілік спекторын пайдаланған үшін төлемақы.
8. Сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы.
9. Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы.

Салық жүйесінің фискалдық және ретеуші функцияларын іске асыру процесіне қатысушылар жүзеге асыратын әлеуметтік-экономикалық мағызы бар іс-әрекеттер салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің экономикалық әлеуетін күшейтетін бюджеттік-салықтық қатынастардың туындауын қамтамасыз ететін қосымша құралға – салықтық құқықтық негізделеді.

Салықтық құқықтың пәні деп, мемлекеттің салықтық қызметінің барысында қалыптасатын құғамдық қатынастарды айтамыз. Осы қоғамдық қатынастар

салық салу жүйесін белгілеу, салық әкімшідігін жүргізетін уәкілетті мемлекеттік органдар жүйесін айқындау, салықтық міндеттемелерді орындау, салықтық міндеттемелерді орындауға байланысты қажетті жағдайлар жасау, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану, халықаралық салықтық шарттарда көзделген мақсаттарды жүзеге асыру, салық органдары мен басқа уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдар барысында салық салу саласында туындайтын салықтық қатынастар болып табылады.

Мемлекеттің салық жүйесінің ұйымдастырылу құрылымы императивтік сипатта болғандықтан салықтық құқық аясында көбінесе императивтік әдіс пайдаланылады.

Осы императивтік салықтық-құқықтық реттеу әдістері мына:

-салық салу саласындағы салық төлеушілер мен өзге де қатысушылардың мінез-құлықтары мен қажетті іс-әрекеттерә мемлекет тәрпынан қабылданған нормативтік және жекелей салықтық-құқықтық актілердің әмірлі-биліктік нұсқамалармен шартталынған;

- салық төлеушілер мен салық органдарының және өзге де қатысушылардың нормативтік құқықтық актілерде көрнкс тапқан мемлекеттің биліктік нұсқамасын орындаудан бас тартуға хақылары жоқ;

- салық қатынасқа қатысушы салық төлеушілер мен салық органдарының өзара құқықтары мен міндеттері мемлекеттің биліктік нұсқамасының және тиісті нормативтік құқықтық актінің негізінде нақты әрі мұқият белгіленген;

8) - мемлекеттің биліктік нұсқамасы мен өзге де салықтық міндеттерін орындау мәжбүрлеу механизмімен қамтамсыз етілуіне орай тиісті салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындату уәкілеттік орган тарапынан біржақты әмірлі түрде не болмаса сот арқылы жүзеге асырылады.

3-тақырып Салық құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастар

Қоғамымызда туындайтын әралуан құқықтық қатынастардың қатарынан салықтық құқықтық қатынастар да өздеріне тиесілі орнын алады. Әдетте құқықтық қатынастар мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамсыз етілген және қатысушылардың субъективтік заңи құқықтары мен міндеттерінің болуымен сипаталады, сондай-ақ құқықтық нормалар негізінде тиісті тұлғалардың арасында пайда болатын жекелеген қоғамдық байланыстар деп түсіндіріледі.

Осы айқындама негізінде құқықтық қатынастардың өзіне тән кейбір белгілерін бөліп шығаруға болады.

Ең басты белгісі тұлғалардың арасындағы, олардың құқықтары мен міндеттері арқылы байланысты, яғни айрықша қоғамдық байланыс. Бұл орайда құқықтық қатынасқа қатысушылардың бір біріне қатысты белгіленген мән-жайлардың болатынын байқаймыз. Екі жақтың да өздеріне тән заңи құқықтары мен міндеттері болғандықтан, сондай-ақ осындай

құқықтары мен міндеттерінің, бірінғайлығы арқасында өзара байланысқан екі тарап бір-бірін құқықтық қатынасқа қатысушылар ретінде таниды.

Құқықтық қатынастардың келесі белгісі, осы тараптардың арасындағы байланыс мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қорғалады. Қандай болмасын тұлға субъективтік заңи құқықтыр мен міндеттерге ие болған кеден бастап, бірден мемлекетке қатысты ерекше жағдайға тап болады.

Сонымен құқықтық қатынастар өзге қоғамдық қатынастарға қарағанда мынадай өзгешеліктермен ерекшелінеді:

- Әрқашанда ықпалды (ерік білдіретін) сипатта болады;

- Объективтік және субъективтік құқықтарды жүзеге асыру нысаны болып табылады;

-Субъектілерінің өзара іс-әрекеттері нақтылы белгіленген субъективтік құқық пен заңды міндеттер көлемінде жүзеге асырылады;

-Тиісті заңи фактілердің болуына байланысты туындайды және соларға байланысты өзгереді немес тоқтатылады;

-Әрқашанда қозғалыста болатын құқықтық құбылыстарға жатады;

-Құқықтық қатынас мәселелері субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерді қатысушылардың жүріп-тұруы ауқымында есепке ала отырып қарастырылады.

Құқықтық қатынас белгілі бір ішкі құрылысы бар өте күрделі құрылымы болып табылады. Құқықтық қатынастың материалдық мәні мен заңи нысанының бірінғайлығы тұрғысынан алғандағы құрамы мынадай:

1. құқықтық қатынастың мәнінен;
2. құқық субъектілерінен;
3. құқықтық қатынас объектілерінен тұрады.

Салықтық-құқықтық қатынастар деп айрықша қаржылық құқықтық нормалар негізінде мемлекет пен салық төлеушілердің арасында туындайтын қоғамдық байланыстарды айтамыз. Бұл ретте басты ерекшеліктер былайша сипатталады: мемлекеттің салық төлеушілерден салық төлеуді талап етуге қажетті құқығы бар; ал салық төлеушілерде төлеу жөніндегі заңи міндеттері бар.

Салықтық құқықтық қатынастардың туындауы заңдарға, яғни жоғары заң күші бар актілерге байланысты болады. Салықтық құқықтық қатынастар аса маңызды, басымды әрі күрделі қоғамдық қатынастар болғандықтан, оларды заң шығару арқылы белгілеп, бекіту және реттеу өажеттілігі бірінші кезекте тұратыны баршаға мәлім.

Салықтық құқықтық қатынастар әрқашанда жекелей жіктеу сипатында болады. Оның себебі салықтық құқықтық қатынастың әрбір қатысушысы нақтылы және жекелей белгіленген. Қандай болмасын салықтық құқықтық қатынастардың міндетті қатысушысы әрқашанда мемлекет болса, сол қатынастардың екінші жағында құқық нормасында көрінісі тапқан нақтылы-жекелей айқындалған жиынтық белгілері бар салық төлеуші тұрады.

Салықтық құқықтық қатынастар аясында мемлекет көздейтін басты міндеттер:

- нарықтық қатынастар талабына сай келетін бірінші салық саясатын жүргізу;
- мемлекеттің салықтық құрылысын жетілдіру;
- салық салуды әлеуметтік ахуалдарға байланыстыра отырып жүзеге асыру;
- мемлекеттік салық әкімшілігін өркениетті салықтық әкімшілендіруді әрі заңды негізде жүргізу;
- салықтық міндеттемелердің тиісінше біржақты-ерікті (дербес) орындалуына жағдай жасау;
- атқарылмаған салықтық міндеттемелерді міндетті орындатқызу;
- халықаралық салықтық шарттарды көзделген салық салу стандарттары ережелерін салық жүйесіне енгізу және бүгінгі салық салуға негіз болатын жаңа принциптер мен ережелерді қалыптастыру болып табылады.

4-тақырып Салықтық міндеттемелер

Міндеттеме ұғымы қалыптасқан дәстүр бойынша тек азаматтық-құқықтық ұғым, яғни цивилистикалық заңи-техникалық құрал, сондай-ақ азаматтық-құқықтық міндеттеме ретінде белгілі бір келісімге келудің және шарт жасасудың нәтижесі болып табылады. Ал салықтық міндеттеме қазіргі қоғам қажеттілігіне сай келетін салық салу жүйесін құру ісіне ат салысуы арқылы салықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін қатаң айқындауға қол жеткізетін және ұлттық табысты қайта бөлуге қатысты экономикалық мән-жайлары мен өктем билік тұрғысынан ерекшелінетін құқықтық құрал ретінде танылады.

Салықтық міндеттеменің мән-жайын заң шығарушы былайша айқындалған салықтық заңнамаға:

1. тиісті салық заңдарына сәйкес салық төлеушінің мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салықтық міндеттеме салықтық міндеттеме болып табылады;
2. салықтық міндеттеме талаптарына сай салық төлеуші: салық органында тіркеу есебіне тіркелуі; салық салу объектісі мен салық салығына байланысты объектіні айқындауға; салықтыр мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеп шығаруға, салық есептілігін жасауға, оны бегіленген мерзімде табыс етуге және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті;
3. мемлекет өзінің салық органдары арқылы салық төлеушіден оған тиесілі салықтық міндеттемелерді толық көлемде орындауын талап етуге құқылы;
4. салықтық міндеттемелер орындамаған жағдайда мемлекет салық кодексінің тиісті баптарында көзделген тәртіп негізінде салықтық

міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы.

Салықтық міндеттеменің объектісіне міндетті тұлға салық төлеушінің салықтық төлемінің сомасын мемлекетке тапсыру кезіндегі іс-қимылдары жатады. Ал салықтық міндеттеменің нысаны мемлекет пен салық төлеушілер - заңды және жеке тұлғалардың арасындағы байланыстың сыртқы көрінісі болып табылады.

Салықтық міндеттеменің құрамы:

- салықтық міндеттеменің субъектісінен;
- салықтық міндеттеменің объектісінен;
- салықтық міндеттеменің мән-жайынан тұрады.

Салық кодексінде салықтық міндеттеменің субъектілік құрамында салық төлеуші және мемлекет көрсетілген.

Салықтық міндеттеменің мерзімінде орындалуын қамтамасыз ететін «банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру» тәсілі Салық кодексінде белгіленген мерзімдерде салық төлеушіге хабарлана отырып жүргізіледі және салық берешегін өтеу жөніндегі операциялардан басқа салық төлеушінің барлық шығыс операцияларына қолданылады.

9) Салықтық міндеттемені орындату мақсатында заңды тұлғаның банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық берешегі өтелмеген жағдайда, оның салық берешегі есебіне(белгіленген мөлшердегі қаражаттарды түсіру арқылы өтеу мақсатында) «өз мүлкіне билік етуіне шектеу қою» шарасы жүзеге асырылады.

Салық жүйесінің принциптері: Салық жүйесінің біртұтастығы принципі; Салықтың орталықтандырылуы принципі; Салықтың тізімінің түсініктілігі принципі; Салық салудың міндеттілігі принципі; Салық салудың айқындылығы принципі; Салық салудың әділдігі принципі; Салық заңнамасының жариялылығы принципі.

Салықтың белгілері: Салықтың заңи белгілері: Салық- бұл мемлекеттің бекітілімі құқықтық нысанды ғана жүзеге асырылады - Салық – мемлекеттің біржақты бекітілімі - Салықты бекіту салықтық міндеттемені туындатады - Мәжбүрлі сипатта болады - Салық төлеу мағынасында ақшаны алу құқықтық сипатта болады. Салықтың материалдық белгілері: бұл бекітілген тәртіпте және келісілген уақытта салық төлеушінің мемлекетке төлейтін нақты ақша сомасы немесе нақты заттар. Салықтың экономикалық белгілері: 1. мемлекеттің пайдасына қоғамдық өнімнің бөлінуін білдіреді 2. салық ақшалай нысанда болады, алайда заттай салық та болуы мүмкін 3. салықтың қайтарымсыз төленеді 4. салықтың эквивалентсіз төленуі 5. салықты төлеу барысында меншік нысанының өзгеруі Салық элементтері Салық субъектісі салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға. Салық объектісі Мүлік пен іс-әрекеттер салық салу объектісі және (немесе)

салық салуға байланысты объект болып табылады, олардың болуына байланысты және (немесе) олардың негізінде салық төлеушінің салық міндеттемесі туындайды. Салық базасы салық салу объектісінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамаларын білдіреді, олардың негізінде салықтың және бюджетке төленуге жататын басқа да міндетті төлемдердің сомасы айқындалады. Салық ставкасы Салық ставкасы салық салу объектісінің немесе салық базасының өлшем бірлігіне салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемді есептеу жөніндегі салық міндеттемесінің шамасын білдіреді. Салық кезеңі Салық кезеңі деп салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлеріне қатысты белгіленген уақыт кезеңі түсініледі Салық есептеу тәртібі- Салық сомасын айқындау бойынша құзіретті тұлғаның әрекеті жиынтығын білдіреді. Салықты төлеу тәртібі– Салық төлеушінің салық пәнін мемлекетке тапсыру әрекетін жүзеге асыруда қолданылатын салық заңнамасымен бекітілген тәртіп. Салық жеңілдіктері – кәдімгі салық салу режимімен салыстырғанда салық төлеушінің салық ауыртпалығынан босатылу немесе жеңілдетілу.

5-тақырып Салықтық құқық бұзушылық

Әрбір салық төлеушінің жоғары тұрған салық қызметі органына немесе сотқа салық қызметі органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқығы бар.

Әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс тұлғалар:

1. ақыл-есі дұрыс Азаматтық Кодекс бойынша белгіленген жасқа жеткен жеке адам.
2. заңды тұлға.

Негізгі және қосымша әкімшілік жазалау шаралары:

Әкімшілік айыппұл салу және әкімшілік қамауға алу тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Арнаулы құқықтан айыру, лицензиядан (арнайы рұхсаттан, біліктілік аттестатынан) айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкімшілік жолмен кетіру негізгі, сол сияқты қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, салынған құрылысты мәждүрлеп бұзып тастау тек қосымша әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді:

1. мамандырылған әкімшілік соттардың судьялары;
2. Азаматтық Кодексте уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қарайды.

6-тақырып Салық төлемегені үшін құқық жауапкершілік

Жеке адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға- қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға төленуге тиісті, бірақ төленбеген салықтың және басқа да міндетті төлем соммасының он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық төлеушінің мұндай есеп қисапты табыс етудің Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген мерзімнен тоқсан күн өткенше салық органына салық есеп қисабын табыс етпеу,-

жеке адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға- елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға төленуге тиісті, бірақ төленбеген салықтың және басқа да міндетті төлем соммасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық төлеушілердің мониторингін жүргізу үшін қажетті құжаттарды салық төлеушінің табыс етпеуі не оны табыс етуден бас тартуы,-

лауазымды адамдарға және жеке кәсіпкерлерге- айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер,-

лауазымды адамдарға және жеке кәсіпкерлерге- айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға- бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық төлеу объектілерін жасыру. Салық төлеушінің объектілерін жасыру,-

жеке адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға- жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға жасырылған салық салу объектілері құнының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған нақ сол әрекеттер,-

жеке адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға- елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға жасырылған салық салу объектілері құнының жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Кірістерді, шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерін бұзу. Салық төлеушіде кірістер, шығыстар және салық салу объектілері есебінің болмауы немесе осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілуі,-

лауазымды адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға есепке алынбаған тауарлар құнының он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған нақ сол әрекеттер,-

лауазымды адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға есепке алынбаған тауарлар құнының жиырма проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Тауарларды есепке алу және сату жөніндегі операциялардың есеп құжаттамасында көрсетілмеуі,-

жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға есепке алынбаған тауарлар құнының он проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттарының және шот-фактураларының, және тіркелімдерінің болмауы, бухгалтерлік есептерде және қаржы есеп-қисабында салық төлеушінің активтері мен міндеттемелерінің дер кезінде немесе дұрыс көрсетілмеуі осы баптың мақсаты үшін кірістерді, шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерін бұзу деп түсініледі.

Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын кемітіп көрсету. Салықтың және басқа да міндетті төлемдердің сомасын декларацияға кемітіп көрсету,-

жеке адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға –қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленбеген сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Корпоративтік табыс салығын немесе жеке табыс салығын салу мақсатын көздеп, шеккен залал сомасын декларацияда өсіп көрсету,-

жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға декларацияда өсіп көрсетілген залал сомасын есептелген корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық төлеушінің бюджетке төленетін ағымдағы төлемдер сомасын декларацияға кемітіп көрсету,-

жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға ағымдағы төлемдердің кемітіп көрсетілген сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық кезеңі ішінде іс жүзінде есептелген корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы сомасының салық кезеңі ішінде есептелген аванстық төлемдер сомасынан елу проценттен астам мөлшерде артық көрсетілуі,-

салық салынатын кіріс сомасының екі проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық кезеңі ішінде іс жүзінде есептелген корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы сомасының салық кезеңі ішінде есептелген аванстық төлемдер сомасынан жиырма бес проценттен астам мөлшерде артық көрсетілуі,-

салық салынатын кіріс сомасының бес проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігіндегі мақсаттар үшін қосымша құнға салынатын салық бойынша салық мөлшерін декларацияда кемітіп көрсету де есепке жатқызылған, қосымша құнға салынатын салық сомасын өсіріп көрсетуді білдіреді.

Бірінші бөлікте көзделген әкімшілік жазаны қолдану кезінде осы баптың мақсаттары үшін өсіріп көрсетілген залал сомасынан есептеп шығарылған салық корпоративтік табыс салығының ставкалары бойынша немесе жеке табыс салығының ең жоғары ставкалары бойынша айқындалатын болады.

Салық агентінің және өзге де уәкілетті (ұйымдардың) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттерді орындамауы. Салық агенттерінің салық заңдарына сәйкес ұсталып қалуға және бюджетке аударылуға тиісті салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын ұстап қалмауы немесе толық ұстап қалмауы,-

жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға салықтың және басқа да міндетті төлемдердің аударылмаған сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салық агенттерінің және және салық заңдарының белгіленген өзге де уәкілетті органдардың (ұйымдардың)салық заңдарына сәйкес бюджетке аударылуға салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің ұсталып қалған сомасын аудармауы немесе толық аудармауы,-

жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға салықтың және басқа да міндетті төлемдердің аударылмаған сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жалған шот-фактура жазып беру. Салық төлеушінің жалған шот-фактура жазып беруі,-

Жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға-айлық есептік көрсеткіштің қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға шот-фактура енгізілген, қосымша құн салығы сомасының екі жүз проценті проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10) Қосылған құн салығы бойынша есепте тұрмаған салық төлеуші жазған және қосылған құн салығы сомасын қамтитын шот-фактура жалған шот-фактура деп танылады.

7-тақырып. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару

Мемлекеттік басқарудың функционалды құрылымын құру: мемлекеттік органдарға бағыты, қызмет ауқымы, мәні мен нысаны бойынша мақсатқа сай келетін басқарушы функция беру; кешенді басқарушы міндеттерді дербес іске асыруға мүмкіндік беретін ұтымды басқарушы функцияны басқару жүйесінде шоғырландыру; басқарушы функцияларды олардың мәні мен көлеміне сай келетін ұйымдастыру, заңдық, ақпараттық және өзге де ресурстармен толықтыру арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырылу құрылымын құру барысында: ұйымдастыру күш-қуатының жалпы көлемін басқару вертикалі мен горизонталы бойынша ұтымды бөлу; өзарасубординациялық байланыстарды нақтылы белгілеу; міндетті түрде горизонтальдық үйлестіру байланыстарын қалыптастыру; төменгі тұрған элементтердің дербестігін және өзіндік басқаруын қамтамасыз өзара байланыстарды айқындау іске асырылады.

Мемлекеттік басқарудың маңызы мен мағынасын жеткілікті деңгейде түсіну үшін міндетті түрде мемлекеттік басқару функцияларын танып білу қажет.

Мемлекеттік басқару функциясы басқарушы ықпалдың мағынасы мен сипатын, сондай-ақ олар мемлекеттің қоғамдық функцияларымен тығыз байланыста болғандықтан соларды жүзеге асыру жолдары мен тәсілдерін көрсетеді. Мемлекеттік басқару функциялары мемлекеттің біртұтас басқару субъектісі ретіндегі өзара байланыстарын сипаттай отырып ашып көрсетеді. Мемлекеттік басқару функциялары белгілі бір басқарушы ықпал түрін білдіретіндіктен оларды жіктеу қажеттілігі туындайды. Осындай жіктеу барысында аталмыш функцияларды мемлекеттік басқару функциялары және мемлекеттік органдардың басқарушы функциялары деп бөлу көптеген басқарушылық проблемаларды тиісінше қарастырудың әдіснамалық негізін құрайды.

Мемлекеттік басқару функциялары өз ерекшеліктеріне байланысты ішкі және сыртқы функциялар болып бөлінеді. Ішкі басқару функциялары мемлекеттік басқарушы жүйенің ішіндегі басқаруды білдіреді. Сыртқы басқару функциясы мемлекеттік органдардың қоғамдық процестерге тікелей тигізетін ықпалын сипаттайды.

Орталық атқарушы билік органдарының ішкі функциялары көбінесе мемлекеттік басқарудың ұйымдастырылу құрылымы мен функционалды бағытын жетілдіруді, төменгі буындарды басқаруды қамтиды. Төменгі буындағы органдар, солардың ішінде жергілікті әкімдіктер қоғам жүйесінің әлеуметтік элементтеріне және тиісті объектілерге басқарушы ықпалдарын тигізеді.

Мемлекеттік органдардың сыртқы басқару функцияларының жүйесі мемлекеттің ұйымдастырылу құрылымының вертикальды және горизонтальды құрылуымен, сондай-ақ басқарылушы объектілердің мақсаттары мен мән жайларының ерекшелігіне байланысты айқындалады.

Мемлекеттік басқару жүйесі әкімшілік жүйені білдіреді. Мемлекеттік басқару жүйесі болмаған жағдайда атқарушы билікті жүзеге асыру мүмкіндігі жоққа саяды. Ал әкімшілік жүйе атқарушы биліктің ұйымдастыру-құқықтық механизмі болып табылады. Демек, мемлекет тарапынан басқарылатын қоғамдық организмнің барлық элементтерінің өзара тиімді жүйесін құру мемлекеттік басқаруды әкімшілік-құқықтық ұйымдастыруды көздейді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес мемлекет алдындағы салық міндеттерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз етуге уәкілетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімін, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақытылы аударылуын қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.

Салық комитетінің: облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық комитеттері кіретін заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық органдары өздеріне тиесілі салықтық қызметтерін атқарады

11) Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару, салық салу жүйесінде өздеріне тиесілі мемлекеттік басқару-реттеу қызметтерін жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың және салық әкімшілігін жүргізетін мамандандырылған салық органдарының жүйесін айқындайтын, сондай-ақ олардың салықтық қызметтерінің шеңбері мен тиісті өкілеттіктерін белгілейтін салықтық құқықтық жалпы бөлімінің институты болып табылады.

8-тақырып Салықтық міндеттемелердің құқықтық негіздері

Салықтық міндеттеме қазіргі қоғам қажеттілігіне сай келетін салық салу жүйесін құру ісінеат салысуы арқылы салықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін қатаң айқындауға қол жеткізетін және ұлттық табысты қайта бөлуге қатысты экономикалық мән-жайлары мен өктем билік тұрғысынан ерекшеленетін құқықтық құрал ретінде танылады.

Салықтық міндеттеменің мән-жайын заң шығарушы былайша айқындаған:

1. тиісті салық заңдарына сәйкес салық төлеушінің мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салықтық міндеттеме болып танылды;

2. салықтық міндеттеме талаптарына сай салық төлеуші: салық органында тіркеу есебіне тұруға; салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектіні айқындауға; салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеп шығаруға, салық есептілігін жасауға, оны белгіленген мерзімде табыс етуге және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті;

3. мемлекет өзінің салық органдары арқылы салық төлеушіден оған тиесілі салықтық міндеттемелерді толық көлемде орындауын талап етуге құқылы;

4. салықтық міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда мемлекет салық кодексінің тиісті баптарында көзделген тәртіп негізінде салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы.

Өзінің экономикалық және құқықтық табиғатына сай салықтық міндеттеме:

- тек мемлекеттің еркіне және әмірлі талабына сай туындайды;
- әрдайым мерзімді сипатта болады;
- өзінің сипаты бойынша мемлекеттік (қоғамдық)- құқықтық тұрғыдан ерекшеленеді;
- салықтық төлемдердің сомасына байланысты көбінесе ақшалай көрініс табады;
- өзінің мән-жайына қарай біржақты міндеттеме болып табылады;
- оның айтарлықтай дәрежеде орындалуы мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі;
- міндеттеме бойынша салықтық төлемдердің ақша қаражаттарын мемлекет кірісіне аударуға байланысты салық төлеуші тұлғаның белсенді іс-қимылдарымен сипатталады;
- құрылымында салықтың заңи құрамының мұқият белгіленген элементтерінің болуы оның тиісінше орындалуының негізі болып табылады;
- әрбір жекелеген салықтарға тән салық салу объектілерімен, салық салуға байланысты объектілермен, салық базасымен және салық кезенділігімен мазмұндалады.

Салықтық міндеттеменің объектісіне міндетті тұлға салық төлеушінің салықтық төлемінің сомасын мемлекетке тапсыру кезіндегі іс-қимылдары жатады. Ал салықтық міндеттеменің нысаны мемлекет пен салық төлеушілер- заңды және жеке тұлғалардың арасындағы байланыстың сыртқы көрінісі болып табылады.

Салықтық міндеттеменің құрамы:

- салықтық міндеттеменің субъектісінен;
- салықтық міндеттеменің объектісінен;
- салықтық міндеттеменің мән- жайынан тұрады.

Осы орайда айта кететін бір жәйт: салық төлеуші; салық салу объектісі; салықтың заты; салықтың масштабы; салық базасын есепке алу әдісі; салық кезеңі; салық салу бірлігі; салық ставкасы; салықты есептеу тәртібі; есепті кезең; салықты төлеу мерзімі; салықты төлеу тәсілі мен тәртібі сияқты элементтер Қазақстан Республикасының салық заңдарындағы бастаушы ережелер болып табылады, сондай-ақ оларсыз ешбір салықты есептеп шығарудың, төлеудің және олардың төленуін талап етудің мүмкіндігі болмайды.

Сонымен, салықтарды саналы түрде, салықтық-құқықтық мәдениеттерін көрсете отырып, дербес және өз еркімен төлеу салықтық міндеттемені орындаудың бір тәсілі мболса, отанына, егемен еліне деген патриоттық сезімі мүлдем оянбаған және салықтық мәдениеті қалыптаспаған салық төлеуден жалтарушыларға, уақытылы және толық мөлшерде төлемейтіндерге мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен, олардан салықтарды, салық берешектерін, заңды негізінде белгіленген айыппұлдар мен өсімпұлдарды еселеп алу салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындату тәсілі болып табылады.

Салықтық міндеттемелерді тиісінше, өз бетімен және ерікті орындау мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- 1) салықтарды декларация негізінде төлеу;
- 2) салықты патент алу жолымен төлеу;
- 3) салықты бір жолғы талон негізінде төлеу;
- 4) салықтық төлемнің сомасын бюджетке енгізу жолымен төлеу.

Салық хабарламасында салық төлеушінің аты-жөні немесе толық аталуы; салық төлеушінің тіркеу нөмірі; салықтық міндеттеменің сомасы; салықтық міндеттемені орындау жөніндегі талап; хабарламаны жіберуге орай негіздеме; шағымдану тәртібі көрсетіледі. Салық хабарламасының нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Салық хабарламасы салық салу аясындағы мән-жайларға байланысты әр-түрлі көрініс табады және салық төлеушіге мынадай мерзімдерге:

- салық заңдарын бұзушылықты жою туралы- оларды анықтаған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;
- дебиторлардың банктік шоттарындағы ақшаларынан өндіріп алу жөнінде- өндіріп алғанға дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей;
- салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану туралы- мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданылғанға дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей;
- камеральдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған құқық бұзушылықтарды жою жөнінде- салық есептілігіндегі бұзушылықтар анықталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей;
- Құқық бұзушылық кодексінің 31-46баптарында, Салық кодексінің 566-бабында көрсетілген.

9-тақырып Мемлекеттік салық құрылымының құқықтық негіздері.

Мемлекеттің салықтық құрылысын құру негізінде жатқан салық жүйесі мен салық салу принциптері ұйымдастыру-құқықтық және функционалдық сипаттағы салықтық құқықтық қатынастар болып табылады. Сонымен бірге мемлекеттің салықтық құрылысына трансферттік және индикативтік қасиеттер де тән болады.

Салықтық құрылыс негізінде міндетті түрде кезінде салық салу жүйесінің классигі Адам Смит тұжырымдаған мына: «Мемлекеттің тұрғындары өздерінің тапқан табыстарына қарай мемлекет мұқтаждығын қанағаттандыруға ат салысуға тиіс. Олар төлейтін төлем – салықтың мөлшері дәл айқындалғаны дұрыс болады, сондай-ақ төлеу мерзімі, төлеу тәсілі және төленетін сомасы өте анық болуы қажет. Салықты алу кезеңі мен уақыты немесе салық төлеуші үшін ыңғайлы әрі қолайлы болуға тиіс. Сонымен қатар, әрбір салықтың салмағы халықтың қалтасын ойсыратып кетпей, мүмкіндігінше аздап алынғаны жөн. Сонда мемлекет қазынасына түсетін табыс мөлшерлеген межеден артық болмаса, кем түспейді» деген қағидаларға қоса қазіргі заманғы және экономика талаптарына сай мынадай принциптер жатады:

- тұрақтылық;
- орнықтылық;
- икемділік;
- жүйенің бірыңғайлығы;
- қоғамдық, корпоративтік және жекелей мүдделер теңдігінің сақталуы;
- салық салу салмағының жеңілдетілуі;
- салықтың арзандығы;
- қолайлылық;
- жалпыға ортақтық;
- заңдылық және т.б.

Мемлекеттің салықтық құрылысының ірге тасын қалау, салық салу жүйесін ұйымдастыру және оны басқару принциптері мемлекеттің салық саясатына сай болады және мемлекеттің салықтық құқығы осы саясаттың негізі болып табылады. Мемлекеттің салық жүйесі тікелей салықтары басым англокасондық модель мен көбінесе жанама салықтарға бас иетін еурокасондық модельдердің жиынтығынан тұратын аралас салық салудың құқықтық моделін көрсетеді.

Мемлекеттің салықтық құрылысының құқықтық тұрғыдан ұйымдастырылуы мемлекеттің салықтық құқығының мақсатты-бағдарлы әлеуетіне (күш-қуатына), мемлекеттік салық әкімшілігін жүргізудің мақсатты-бағдарлы рұқсат беру және шектеу қою сияқты іс-әрекеттеріне сүйенеді.

Сонымен қатар, салықтық құрылыстың құрылымдық элементтері ретінде салықтар мен өзге де міндетті төлемдердің нақты түрлерінің жиынтығы,

олардың салық салу базалары мен салықтық төлем сомаларын қалыптастыру тәсілдері, салықтық іс-қимылдарды жүзеге асыратын қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы, мемлекеттік салық әкімшілігін жүргізу, сот билігі органдары мен прокуратура және т.б. өздеріне тиесілі орындарын алатынын айта кетуіміз қажет.

Мемлекеттің салықтық құрылысының экономикалық-құндылық негізінде салықтар жүйесі түрінде құрылған тікелей, жанама, ресурстық және мүліктік салықтар арқылы корпорациялар мен азаматтардың жиынтық табыстарын қоғамдандырудың императивтік нысанының жиынтығы болып табылатын мемлекеттің салық жүйесі жатады. Мемлекеттің салық жүйесінің стратегиялық және функционалдық күш-қуатының нақты әлеуметтік-экономикалық аямен үйлесімді әрі нәтижелі болуы осы жүйені салық төлеушілердің экономикалық жай-күйіне, салықты төлеу қабілеттілігіне және мемлекет шығыстарын тек қоғамдық маңыздылығы өте зор тұтыну аяларына бағыттау процестерін сапалы заңдарда нақты көздеп, белгілеу арқылы құруға байланысты болады.

Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғаға қатысты салықтық тексеру жүргізу кезінде осы салықтық тексерудің мерзімі салық органы тарапынан алпыс жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде салықтық тексеру жүргізудің мерзімі жоғары тұрған салық органы тарапынан құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін сексен жұмыс күніне дейін арттырылуы ықтимал.

Рейдтік тексеру жүргізу негізіндегі нұсқамада тексерілетін аумақтың учаскесі, тексеру барысында анықталуға тиіс мәселелер мен заңда көзделген басқа да мәліметтер көрсетіледі.

12) Сонымен, осындай тәртіппен рәсімделген нұсқаманы салық төлеушіге немесе салық агенттеріне табыс ету сәті салықтық тексеру жүргізудің басталғанын білдіреді. Рейдтік тексеру жүргізу кезінде салық төлеушіге нұсқаманың кошірмесі, ал басқа тексеру түрлері жүргізілетін кезде нұсқаманың түпнұсқасы табыс етіледі.

10-тақырып Мемлекеттік салықтардың сипаттамасы

Қазақстан Республикасындағы салықтар жүйесі (салықтар мен бюджетке төленетін өзге де төлемдердің түрлері мен жиынтығы) қазіргі кезде заң жүзінде (Салық кодексінде) белгіленген тәртіп негізінде мынадай көрініс тапқан:

Салықтар

1. Корпорациялық табыс салығы.
2. Жеке табыс салығы.
3. Қосылған құн салығы.
4. Акциздер.

5. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері.

6. әлеуметтік салық.

7. Жер салығы.

8. Көлік құралдары салығы.

9. Мүлік салығы

Алымдар

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

4. Радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

5. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

6. Теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

7. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым.

8. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым.

9. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру алымы.

10. Аукциондардан алынатын алым.

11. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.

12. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілік спектерін пайдалануға рұқсат беру үшін алым.

Төлемақылар

1. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы.

2. Жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы.

3. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы.

4. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы.

5. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы.

7. Радиожілік спектерін пайдаланғаны үшін төлемақы.

8. Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы.

9. Сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төленетін төлемақы.

Кеден төлемдері.

1. Кеден бажы.

2. Кеден алымдары.

3. Төлемақы.

4. Алымдар.

13) Осы көрсетілген салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер Бюджет кодексіне және т.б. Қазақстан Республикасының және жергілікті бюджеттердің арасында мына келесідей тәртіппен белгілі бір бюджеттік баланстар көзделіне отырып бөлінген.

11-тақырып Салық түрлері, жинау әдістері, құқықтық реттеу тәсілдері

Салықтық-құқықтық реттеу әдістері салық салу саласы мен тиісті салықтық қатынастар аясындағы салықтық іс-қимылдармен оқиғаларға катысты, сондай-ақ белгіленген тәртіптер мен негіздеуге байланысты мемлекеттік өктем билік-императивтік әдіс және келісімді, шартты-диспозитивтік әдіс түрінде қолданылады.

Мемлекеттің салық жүйесінің ұйымдастырылу құрылымы императивтік сипатта болатындықтан салықтық құқық аясында көбінесе императивтік әдіс пайдаланылады.

Осы императивтік салықтық-құқықтық реттеу әдістері мына:

- 1) салық салу саласындағы салық төлеушілер мен өзге де қатысушылардың жүріс-тұрыстары мен қажетті іс-әрекеттері мемлекет тарапынан (әдетте уәкілетті мемлекеттік органдар) қабылданған нормативтік және жекелей салықтық-құқықтық актілердің әмірлі-талапты нұсқамаларымен шартталынған;
- 2) салық төлеушілер мен салық органдарының және өзге де қатысушылардың нормативтік-құқықтық актілерде көрініс тапқан мемлекеттің талабын орындаудан бас тартуға хақылары жоқ;
- 3) салықтық қатынасқа қатысушы салық төлеушілер мен салық органдарының өзара құқықтары мен міндеттері мемлекеттің талабының тиісті нормативтік-құқықтық актінің негізінде нақты әрі мұқият белгіленген;
- 4) мемлекеттің талабы мен өзге де салықтық міндеттерін орындау мәжбүрлеу механизмімен қамтамасыз етілуіне орай тиісті салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындату уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан бір жақта әмірлі түрде не болмаса сот арқылы жүзеге асырылады.

Алайда, мемлекеттің салықтық қызметінің аясында әлсін-әлі пайдаланылатын (пайдаланылуы ықтимал) диспозитивтік (келісімді) әдістің бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Осы диспозитивтік құқықтық реттеу әдісінің мынадай өзіне тән белгілері болады:

- 1) салықтық қатынастағы тараптардың құқықтары мен міндеттері осы қатынастарды реттейтін салықтық заң актілерінің және жазбаша шарт нысанында рәсімделген екі жақтың келісімінің негізінде қалыптасады;
- 2) осыған орай салықтық қатынастар шартты сипатта болады және тараптардың екі жақтық міндеттемелерін білдіреді;
- 3) мемлекеттің салық төлеушіге тигізетін реттеуші ықпалы тек бір жақты-өктем мәжбүрлеу нысанында ғана емес, сонымен қатар

экономикалық стимулдар мен материалдық мүдделер арқылы қызықтыру (ынталандыру) нысанында көрініс табады;

4) диспозитивтік құқықтық реттеу әдісінің көмегімен реттелінетін салықтық қатынастардың заңи нысаны болып табылатын салықтық шарт екі тараптың өзара құқықтары мен міндеттерін туындатады;

5) салық органдары мен салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттері аздап болса да теңестірілген және шарт сипатындағы жауапкершілікпен толықтырылуы мүмкін.

Диспозитивтік әдске қатысты тағы бір жәйтті мысал ретінде айтуға болады. Белгілі бір салық төлеуші мен салық органдарының (басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуы мүмкін) арасында жасалған инвестициялық салықтық келісім-шарттың талаптарына сай және инвестициялық жобалар (бағдарламалар) шеңберінде жаңа өндірістер құрған, жұмыс істеп тұрғандарын ұлғайтып, жаңартқан және басқа да тіркелген активтерді жаңадан пайдалануға енгізген салық төлеушілерге сол келісім-шартқа сәйкес инвестициялық преференциялары (әдетте корпорациялық табыс салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша) беріледі.

Осы диспозитивтік және императивтік салықтық құқықтық нормалар мемлекеттің кірісін қалыптастыратын салықтар мен өзге бюджетке төленетін міндетті төлемдерді белгілеу және алу, сондай-ақ салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуына мемлекеттік салықтық бақылау жүргізуге атсалысады.

Бұл ретте басты көрініс салықтық құқықтық қатынастардың материалдық объектісі тиісті бюджеттің салықтық кірісін қалыптастыратын ақшалай нысандағы (кейде заттай нысандағы) салық төлемінің сомасы екеніне көзіміз жетіп отыр. Демек, материалдық салықтық қатынастар ауқымындағы салықтық нысандардың ақша қаражаттары транзиттік сипатта мемлекеттік бюджет кірісіне келіп түседі. Сондықтан, салықтық құқықты бюджеттік құқықтың, оның ішінде ерекше бөлімінің айтылуы «Бюджеттің кірістерін құқықтық реттеу» атты институтына бағ жетпес қызмет көрсететін бюджеттік құқықтың ерекшеленген институты деп тұжырымдауымызға болдады.

Салықтық құқықтың жүйесі – мемлекеттің салықтық қызметі барысында туындайтын салықтық қатынастарды реттеуге атсалысатын салықтық құқықтық нормалардың өзара қарым-қатынаста бола отырып, жүйеленуін және бірігуін, сондай-ақ қыйсынды түрде белгіленген тәртіппен орналасуын көрсетеді.

Салықтық құқықтың жалпы бөлімі мына:

1. Салықтар, салық салу және мемлекеттің салық жүйесі;
2. Мемлекеттің салықтық қызметі;
3. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде;
4. Салықтық құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастар;

5. Салықтық міндеттемелер;
6. Шағын кәсіпкерлікке арналған арнаулы салық режимі;
7. Салық салу аясындағы салықтық ынталандыру және мемлекеттік мәжбүрлеу;
8. Мемлекеттің салықтық құрылысы;
9. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару;
10. Мемлекеттік салықтық жопарлау;
11. Мемлекеттік салықтық бақылау тәрізді институттардан құралады.

12-тақырып Алымдар, баждар

Алым дегеніміз- белгілі бір қызмет түрін бастар алдында немесе осы қызмет түріне құқық берер кезде төленетін міндетті төлем.

2002 жылы алымының 13 түрі болды. 2003 жылдан бастап «елтаңбалық алым» алынып тасталды. 2005 жылы адамдарға өзгерістер енгізілді, яғни: 3.1. «Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін» және 8.1. «Туындылар мен сабақтас құқықтыр объектілеріне құқықтарды, суындылар мен сабақтас құқықтыр объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін» алымдары қосылды.

Ал енді осы алымдардың экономикалық мазмұнын айқындайық.

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін құру мен қызметін тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оларды қайта тіркеу, содай-ақ олардың мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы куәліктің дубликатын алу кезінде алынады.

2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым жеке кәсіпкерлер ретінде Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ олар мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.

Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес тіркелетін жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

Алым төлеуден босатылады:

- шаруа қожалықтары;
- I, II және III топтағы мүгедектер;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын оралмандар.

3. Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым-жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтырда мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ

мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.

Алым төлеуден босатылады:

- Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар;
- I және II топтағы мүгедектер;
- бөлек тұрып жатқан зейнеткерлер;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін оралмандар;
- Кадрларды даярлаумен және оқытумен шұғылданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік тіркелген кезден бастап үш жыл ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркегені үшін төлемнен босатылады.

4. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құралғыларды тіркеу кезінде, содай-ақ мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.

5. Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың дубликатын берген кезде алынады.

6. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алым.

Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алым:

- 1) халықаралық қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан кету;
- 2) ірі көлемді жіне ауыр салмақты отандық жіне шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргізу;
- 3) отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүру үшін өндіріп алынады.

7. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға тиісті белгілі бір қызмет түрімен айналысуға лицензия (дубликатын) беру кезінде алынады.

Баж салығы-мемлекетпен немесе өзара кәсіби қатынастар жасайтын жеке адамдардан, заңды ұйымдардан өндіріп алынатын тұтыну салығының бір

түрі (мәселен, жалгерлік туралы шарт жасасу, бағалы қағаздар беру, қамқоршылық туралы келісім).

Баж салығының екі түрі бар:

- мемлекеттік баж; - кедендік баж.

Мемлекеттік баж - уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны үшін және құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

Мемлекеттік баж алу объектілері:

- сотқа берілетін талап арыздардан;
- нотариалдық іс-қимылдар жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін бергені үшін;
- азаматтық хал актілерін тіркегені үшін және тіркеу туралы куәліктерді өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтарғаны үшін;
- Шетелдердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына

Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін;

14) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, қалпына келтіру және азаматтығын тоқтату туралы құжаттырды ресімдегені үшін; [kgl]

13-тақырып Корпоративтік табыс салығы

Корпорациялардың пайдасына салық салудың импутациялық жүйесі-корпорациялардың пайдасына қос салық салынуын жою мақсатымен енгізілген. Бельгияда, Ұлыбританияда, Данияда, Ирландияда, Италияда және Францияда қолданылады.

Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығы салықтардың ішіндегі ең күрделісі және салық сомасы жағынан ең ауқымдысы. Корпорациялық табыс салығы бюджет түсімдерінің 27,2 пайызын құрайды. Корпорациялық табыс салығын арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанды, салық салу объектілері бар заңды тұлғалар төлейді.

Заңды тұлғалар екі топқа бөлінеді:

- коммерциялық ұйымдар;
- коммерциялық емес ұйымдар.

Коммерциялық ұйымдар дегеніміз- белгілі бір табыс көзі бар заңды тұлғалар.

Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп аталады.

Корпорациялық табыс салығын төлеушілер:

- Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

- Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар.

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу объектілеріне:

- салық салынатын табыс;
- төлем көзінен салық салынатын табыс;

15) - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы жатады.

14-тақырып. Қосылған құн салығы

Қосылған құнға салынатын салықтық есептеу барысында негізінен 4 әдіс қолданылады:

- тікелей аддитивті немесе бухгалтерлік;
- жанама аддитивті;
- тікелей шегерім жасау әдісі;
- жанама шегерім жасау әдісі немесе шоттар бойынша есепке жатқызу.

Қосылған құн салығы дүниежүзілік 40-тан астам елдерінде, соның ішінде Еуропа экономикалық одағының 17 мемлекетінде қолданылады. Бұл салықтаң артықшылығы:

- біріншіден, ол жаңа құн жасалынған орын бойынша салық төлеушілердің үлкен тобынан алынады;
- екіншіден, төлеушілер үшін де есептеудің салыстырмалы қарапайымдылығымен ерекшелінеді;
- үшіншіден, бағалардың өзгеруіне, төлеушінің қаржылық ахуалына, инфляция деңгейіне қарамастан мемлекет бюджетінің кірістерін қалыптастырудың сенімді және тұрақты базасын қамтамасыз етеді.

Қосылған құн салығы дегеніміз-тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударым.

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке тұрған мынадай тұлғалар қосылған құн салыған төлеушілер болып табылады:

1. Жеке кәсіпкерлер;
2. Заңды тұлғалар (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);
3. Қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер;
4. Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерді;
5. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар.

Қосылған құн салығының негізгі салық салу объектілері:

- 1) салық салынатын айналым;
- 2) салық салынатын импорт.

15-тақырып Әлеуметтік салық

Әлеуметтік салық Қазақстан Республикасындағы негізгі салықтардың бірі болып табылады.

Ол 1999 жылдан бері бұған бейін қолданылып келген әлеуметтік қорларға: зейнетақы қоры, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, міндетті медициналық сақтандыру қоры, халықты жұмыспен қамту қораларына аударылатын сақтық жарналары аударымдарының орнын енгізілген еді.

Әлеуметтік салықтан түсетін түсімдер мемлекеттік бюджеттің 15-16 пайызын құрайды.

Әлеуметтік салықты төлеушілер:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғалар;
- 2) Бюджетпен есеп айырысуды біржолғы талон негізінде жүзеге асыратындарды қоспағанды, жеке кәсіпкерлер;
- 3) Жеке нотариустар, адвокаттар;
- 4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер, филиалдар мен өкілдіктер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер;
- 5) Заңды тұлғаның құраламдық бөлімшелері.

Әлеуметтік салықтың салық салу объектілері:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер, филиалдар мен өкілдіктер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер және заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері үшін:

- жұмыс беруші материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге материалдық пайда түрінде берген табыстарды қоса алғанд, жұмыс беруші төлейтін ақшалай және заттай нысандағы кез-келген табыстар, сондай-ақ өтемді қызметтер көрсету шарттары бойынша жеке тұлғаларға төлемдер (жеке кәсіпкерлерге төлемдерді қоспағанда) түріндегі оның қызметкерлерге төлейтін шығыстары;

- 2) жеке кәсіпкерлер және жеке нотариустар мен адвокаттар үшін олардың өздерін қоса алғанда:

- қызметкер саны.

Жоғарыда айтылған жеке тұлғалардың салық салынбайтын табыстарынан және төменде белгіленген төлемдерден әлеуметтік салық алынбайды:

- мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желілері арқылы берілетін гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;

- Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік сайлықақылар, стипендиялар;

- Ұйым тартылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған немесе қызметкер әскери қызметке шақаралған жағдайларда жеке еңбек

шарт бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде төленетін өтемдер;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары.

Қазақстанда қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады. Заңи тұлғарезиденттің шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салық төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін. Әлеуметтік салық бойынша салықтық есептемені есептеуді, төлеуді және табыс етуді: ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңи тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін; оңайлатылған мағлұмдама негізінде шағын бизнес субъектілері үшін; патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін; шаруа немесе фермер қожалықтары үшін салық заңнамасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып арнаулы салық режимдерін қолданатын төлеушілер жүргізеді. Жұмыс берушінің материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыскер-резиденттерге берген табыстарды қоса алғанда, жұмыс беруші төлейтін ақшалай немесе заттай нысандағы кез келген табыстар түріндегі оның, жұмыскер-бейрезиденттерге төлейтін шығыстары, сонымен бірге шетелдік персоналдың табыстары аталған төлеушілер үшін әлеуметтік салық салу объектісі болып табылады. Егер жұмыскерге күнтізбелік ай үшін есептелген табысының жалпы сомасы Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай күнтізбелік айдың соңғы күні қолданыста болған жалақының ең төмен мөлшерінен төмен әлеуметтік салық салу объекті жалақының ең төменгі мөлшері негізінде анықталады. Мыналар: Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде, қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіпкерлік оқуға байланысты бюджет және гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын төлемдер; Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер; білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасы заңнамасында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерде төленетін стипендиялар; қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны; он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагерлеріне жолдамалардың құны; жұмыс беруші өз жұмыскерлеріне міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру келісім-шарттары бойынша төлейтін сақтық сыйақылары; әскери службаның міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге берілетін, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, қылмыстық-атқару жүйесінің және мемлекеттік өртке қарсы службасының органдары мен мекемелерінің белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген қызметкерлері службалық міндеттерін атқаруына байланысты алатын төлемақылардың барлық түрлері; экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы

